КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ

Қазіргі таңда жаңартылатын энергия көздерін қолдану жоғары білім беру мекемелерінің тұрақты даму стратегиясының маңызды бөлігіне айналуда. Осы бағытта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті де аймақтық экологиялық және энергетикалық мәселелерді шешуге үлес қосып келеді. Университет жанынан қуаты 18 кВт болатын гибридті күн-жел электр станциясы іске қосылған. Бұл станция №5 оқу ғимаратының жанында орналасқан және университеттің оқу-зертханалық инфрақұрылымын жаңартуға ғана емес, сонымен қатар студенттер мен жас ғалымдарға жаңартылатын энергия көздері саласында практикалық тәжірибе алуға, ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізуге мүмкіндік береді. Станция құрылымына фотоэлектрлік панельдер, жел генераторы, инверторлық жүйе және аккумуляторлық блоктар кіреді. Бұл жабдықтар күндізгі және желді мезгілдерде электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.


Жобаның негізгі мақсаттары:

-жаңартылатын энергия көздерін тиімді пайдалануды көрсету;


-энергетика, экология және техникалық бағыттар бойынша білім алушыларға зертханалық-тәжірибелік база құру;

-энергия үнемдеу мәдениетін дамыту және оны қоғам арасында насихаттау.

Университетінің бұл бастамасы аймақтағы баламалы энергия көздерін дамытуға бағытталған ірі жобалардың біріне айналып отыр. Сондай-ақ, аталған станция ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар білім беру, экологиялық сауаттылықты арттыру бағыттарында да маңызды рөл атқарады.






GROWATT
USFULL
SFA SERIES SOLAR INVERTER

